«К нам относились как к будущим профессионалам. Стажировка на НПЗ Petromidia помогла мне определиться с будущей специализацией. Я хочу работать химиком-инженером и развиваться в этой сфере», – говорит студентка 4-го курса КБТУ Айжан Аманжолқызы.

Выпускники научно-образовательного Центра химической инженерии КБТУ изучили процессы подготовки и дистилляции сырой нефти, гидроочистки бензинов, производства полиэтилена и полипропилена, контроля качества продукции в научной лаборатории Rompetrol, а также логистику НПЗ в порту Констанца.

«Мы узнали много нюансов по нефтепереработке и нефтехимии. Думаю, как профессионалы мы стали на порядок выше. В этом году я заканчиваю обучение и мне хотелось бы найти работу в Атырауской области, допустим, на Тенгизе, КРІ или АНПЗ», – рассуждает студент 4-го курса КБТУ Алихан Нурдаулет.

КБТУ активно взаимодействует с НПЗ и профессиональными объединениями. Среди них – Казахстанская ассоциация организаций нефтегазового и энергетического комплекса «KAZENERGY», которая выступает администратором ряда грантовых программ на обучение, включая именные стипендии компаний Shell, Chevron и Schlumberger для студентов нефтегазовых специальностей.

«Наша ассоциация выступает координатором и инициатором целого ряда стипендиальных и грантовых проектов в Казахстане и за рубежом, нацеленных на подготовку квалифицированных кадров для нефтегазовой отрасли страны. Мы сотрудничаем со всеми профильными вузами РК. Полагаю, стажировка выпускников КБТУ на казахстанском заводе в Румынии интересна и полезна для будущих специалистов с точки зрения трансферта знаний и обмена опытом», – отмечает исполнительный директор «KAZENERGY» по развитию человеческого капитала Ляззат Ахмузина.

Садуохас Мералиев, главный операционный директор группы KMG: «Казахстанский нефтегазовый актив в перспективе планирует расширять программы стажировок для студентов отечественных вузов. В этом году на преддипломную практику мы взяли 10 студентов КБТУ, в перспективе мы доведем эту цифру до 50 человек. Причем это будут студенты не только из профильных направлений, но и других специальностей. К примеру, IT, трейдинг, маркетинг, финансы», – поясняет Садуохас Мералиев.

По его словам, также ежегодно на НПЗ Petromidia проходят практику и обучение более 100 студентов из румынских профильных вузов.

#### Трансферт технологий

Помимо программ подготовки студентов европейское подразделение KMG активно делится компетенциями и суже опытными специалистами. В разные годы в Rompetrol проводили

Олар мұнай айдау стансаларының операторлары, мұнай-химия талдауының лаборанттары, электромонтерлер, құбыржолдар, автоматтандырылған басқару жүйелері мен телекоммуникациялар, мұнай құбырларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандар және басқалар.

«Тәжірибе қорытындысы бойынша үздік нәтижелері бар түлектер компаниядағы бос лауазымдарға орналасуға мүмкіндік алады. Біз өндірістегі бос орындар резервін жасақтаймыз. Жобаға еліміздің 12 аймағында өз қызметін жүргізетін 10 өндірістік бөлімше қатысады», – деді компания басшысы.

«ҚазТрансОйл» компаниясының жастар тәжірибесі жөніндегі бастамасына қатысатын жоғары оқу орындары – Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ Техникалық Университеті, Қ.Сәтбаев атындағы университет, Атырау мемлекеттік мұнай және газ университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.

Сондай-ақ С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі, С.Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі, Орал мұнай, газ және салалық технологиялар колледжі, Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі, О.Тұрмағамбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі, С.Торайғыров атындағы Павлодар университетінің жанындағы колледж, Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі, Жезқазған бизнес және көлік колледжі, Қарағанды политехникалық колледжі, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжінің шәкірттері ақылы тәжірибеден өте алады.



стажировки для инженерного состава таких компаний как Agip KCO и Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. Сотрудники этих организаций обучались в Румынии технике безопасности, эксплуатации технологических установок, управлению процессами и аппаратами, а также лабораторным исследованиям.

Наряду с этим компания постоянно обменивается опытом со специалистами Атырауского и Павлодарского нефтезаводов и другими дочерними компаниями Группы «КазМұнайГаз». В основном в сфере цифровизации и промышленного ИТ, поскольку KMG International внедряет более 100 ИТ-проектов по всем направлениям бизнеса.

Есть также опыт прямого трансферта технологий из Румынии в Казахстан. Инженеры «KazMunayGas International» осуществляли строительство и ввод в эксплуатацию установки изомеризации легких бензинов на Павлодарском нефтехимическом заводе.

Напомним, масштабная модернизация НПЗ «Petromidia» была проведена в 2008-2012 годах. За это время были построены и модернизированы 9 промышленных объектов, благодаря чему мощность завода увеличилась с 3,8 до 5,9 млн. тонн сырой нефти в год.

На данный момент на НПЗ «Petromidia» полным ходом идет «оцифровка» производства и автоматизация бизнес-процессов. В компании называют этот этап технологической «доводкой» завода до новых максимумов. И чем более активно отрасль в стране и мире уходит в диджитал-среду, тем более актуальной становится практика быстрой передачи знаний и подготовки для Казахстана инженерных кадров, умеющих работать с инструментами Industry 4.0.



## Тандем производства и профобразования

Анна ГРОНСКАЯ

**Пионерами внедрения системы дуального образования в системе КМГ стал Павлодарский нефтехимический завод в сотрудничестве в Павлодарским химико-механическим колледжем в рамках пилотного проекта Фонда национального благосостояния «Самрук-Казына».**

Стартом к организации такой формы обучения на базе завода и колледжа послужило Послание Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». В нем Глава государства наметил пути по реформированию профессионального образования и улучшения системы подготовки специалистов для всех отраслей экономики. Главная роль отводилась тесному сотрудничеству производств и учебных заведений. Так Казахстан стал преемником широко распространенной в индустриально развитых странах Европы дуальной модели профессиональной подготовки кадров.

Согласно основному принципу дуального образования, профессиональное обучение проводится большей частью не в учебном заведении, а на предприятиях. Большую часть времени (70-80%) «дуальщики» должны проводить на производстве, и только 30-20% – за партами учебного заведения. В случае с ПНХЗ удобным для организации обучения стал расклад по времени – 60% и 40%. А это значит, что 3 дня в неделю студенты ПХМК учатся на предприятии и 2-3 дня – в колледже. Хотя графики обучения могут быть разными: дуальная модель предполагает гибкий подход.



Треть учебных программ при дуальном обучении охватывает общеобразовательные дисциплины и две трети – предметы по специальности. При этом срок обучения «в дуали» может варьироваться: обычно он составляет от 2 до 3,5 лет (так на ПНХЗ), но некоторые начинают прямо с 1-го курса. В разных государствах финансовую поддержку этой форме обучения оказывают или государство (в России), или Ассоциация работодателей (в Германии), или сам работодатель (так на ПНХЗ).

С сентября 2013 года на практику по дуальному обучению принимаются учащиеся колледжа по основным профильным специальностям – технология переработки нефти и газа, техническое обслуживание и ремонт оборудования.

Для внедрения новой системы обучения одновременно на предприятии и в колледже были разработаны учебные программы, внесены изменения по количеству часов теоретического и практического обучения, определены виды практики. Организовано обучение непосредственно на рабочих местах, на учебном полигоне и в учебной лаборатории завода. Учащимся за дни работы на предприятии установлена заработная плата в размере 55 680 тенге.

За всеми учащимися закреплены наставники. На ремонтно-механической базе завода создан учебный полигон, максимально приближенный к реальным условиям работы. Полигон оснащен соответствующим оборудованием (столы, стеллажи, слесарный инструмент), передвижным порталным краном, столом для сварщика. На учебном полигоне практиканты имеют возможность освоить навыки по ремонту технологического оборудования, запорной арматуры, изучить их конструктивные особенности, принципы работы.

На базе ЦЗЛ оборудована учебная лаборатория, где практиканты, будущие технологи, имеют возможность учиться работать на современном лабораторном оборудовании. В учебном центре завода проводится обучение учащихся с использованием мультимедийных обучающих комплексов с визуализацией в 3D всех технологических процессов на предприятии. Для эффективного обучения учащихся практическим навыкам и умениям по избранной профессии в структурных подразделениях завода созданы оплачиваемые рабочие места. Для качественного проведения учебного процесса проведена большая работа по укреплению материальной базы колледжа: введены в эксплуатацию механическая мастерская, лаборатории химического анализа, аудитории и конференц-зал. Также завод передал колледжу для проведения лабораторно-практических работ химическую посуду и реактивы. Общая сумма капитальных вложений на ремонт колледжа составила свыше 35 млн. тенге. Всего с момента старта программы в 2013 году в рамках дуальной программы было обучено 129 человек. При этом программа показала свою эффективность – на завод по конкурсу было принято 104 человека (81% обученных).

С 2018 года завод также начал сотрудничество с Павлодарским государственным университетом им. С.Торайгырова по дуальному обучению студентов, начиная с 3 курса обучающихся по образовательной программе «Нефтегазовое дело» с траекторией обучения «Техническое обслуживание и ремонт оборудования в нефтегазовой и нефтехимической отраслях». Было принято 15 студентов университета, пересмотрены учебные программы, внесены изменения по количеству часов теоретического и практического обучения, где 70% времени обучения должно проводиться в вузе, 30% – на заводе. **NI**

## Маңғыстау жастары: сөзден іске көшу керек

22 мамырда Ақтау қаласындағы Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығының со-working кабинетінде «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына кіретін Маңғыстау облысындағы кәсіпорындарының жас маман кеңестерінің белсенді мүшелері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасановпен кездесті.

Жастар саясатының мәселелеріне тоқталған Дәулетжан Хасанов ұлттық компания 2014 жылдан бері осы қызмет бағытын барынша белсене әрі жүйелі дамытып келе жатқандығын атап айтты:

– Жалынды жастар – бұл компаниямыздың болашағы, ал Маңғыстау – ең ірі өндіру және сервистік кәсіпорындарымыз жұмыс істейтін біздің басты өндірістік өңіріміз болып табылады. Осы аймақтың жас мамандарынан келіп түсетін барлық тың идеялар мен ұсыныстарды біз жан-жақты зерттеп, оларды ҚМГ жүйесіндегі өндіріс тиімділігін арттыру, корпоративтік мәдениетті жоғарылату және әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін пайдалануға мүдделіміз.

Басқарушы директор Маңғыстау аймағының жас мамандар кеңестері атқарған жұмыстарына жоғары баға беріп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатының негізгі бағыттары және оның ішіндегі жас қызметкерлердің маңызы туралы баяндады.

Белсенді жастар өз кезегінде тәжірибе алмасу қажеттілігі, жастарды толғандыратын мәселелерді сараптау мен талқылау мүмкіндіктері жөнінде айтты.

Маңғыстаудағы жастар кеңесінің өкілдері өндірістік процестерді, басқару сапасын және әлеуметтік қамсыздандыруды жақсартуға қатысты өздерінің бірнеше ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, жас өнертапқыштарға ҚМГ-Инжиниринг компаниясының ҚазмұнайгазҒЗЖИ Ақтаудағы филиалының ғылыми зертханасын инновациялар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізу алаңы ретінде пайдалану үшін беру идеясы айтылды. Тағы бір ұсыныс Маңғыстау өңірінде ұлттық спорт түрлері бойынша спартакиада өткізу идеясына қатысты болды.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың наурыз айында Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жас мамандар кеңестерінің жиналысы өтіп, оған 40 еншілес және тәуелді ұйымдардан 80-нан астам жас маман жиналған болатын. ҚМГ тобының түрлі компанияларында еңбек ететін 7 жас қызметкер Жастар ісі жөніндегі кеңеске мүше болып сайланды. Қазіргі таңда ҚМГ компанияларында 29 жасқа дейін 26 мыңнан астам адам еңбек етеді, бұл барлық өндіріс алаңдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің 32 пайызын құрап отыр. **NI**





## Өзен кенорнына **55** ЖЫЛ

Биыл «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 55 жыл толып отыр. Өзен – бұл қазақ мұнайы тарихында өз қолтаңбасы бар ірі кен орын. Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты 16 құрылымдық өндірістік басқарма бар. Оның төртеуі мұнай-газ өндіру басқармасы, ал, өзге басқармалар өндіріске қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Компанияда 9 000-нан аса адам еңбек етеді. Кәсіпорын Өзен және Қарамандыбас кенорындарын игеру үстінде.

1964

Наурыз айында болашақ мұнайшылар қаласы **Жаңаөзеннің алғашқы қазығы қағылды.**

Сәуір айында тұңғыш рет **Өзен мұнай-газ өндіру кәсіпшілігі құрылып**, оның алғашқы басшысы болып Рахмет Өтесінов тағайындалды.

1965

Өзен кенорнынан **1 миллион тонна** мұнай өндірілді.

«Джебраил» танкерімен 3 мың тонна Волгоград бағытына тасымалдады.

Өзен кенорнында газ қабаттарының табиғи газын дайындау жөніндегі **тұңғыш қондырғы** іске қосылды.

Аэропорт құрылысы басталды.

10-шілдеде Атырау мұнай өңдеу зауытына **Өзен мұнайы алғашқы эшелонмен жөнелтілді.**

Осы жылы **334 мың тонна** мұнай өндірілді.

1966

1967

1968

1970

1971

1973

Телевизиялық хабарларды қабылдағыш ретранслятор іске қосылды.

Өзен мұнай өндіру басқармасында 50-ден астам ұлт өкілдері жұмыс істеді.

Ұзындығы **1 500 шақырымдық** Өзен-Атырау-Куйбышев ысытылған мұнай айдайтын құбыр құрылысы басталды.



Өзен кенорнынан **200 миллион тонна** мұнай өндірілді.

1985



«Мұнайшы» мәдениет сарайының құрылысы аяқталды.

1980

600 орындық «Жалын» кинотеатры ашылды.

Тәулігіне 15 000 тонна сүт тағамдарын шығаратын сүт зауыты іске қосылды.

1975

Өзен мұнайшылары **100 миллион тонна** мұнай өндірілді.



1981

Өзен кенорнынан **150 миллион тонна** мұнай өндірілді.



1976

Өзен кенорнын дамыту үшін қаражат беру туралы ҚР Үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасында келісімге қол қойылды.

1994

2004

«Өзенмұнайгаз» АҚ болып қайта құрылды.

1250 орындық жаңа автостанция іске қосылды.  
Жаңаөзен қаласына Неке сарайын сыйға тартты

1996

«Өзенмұнайгаз» ААҚ және «Ембімұнайгаз» ААҚ қосылуы нәтижесінде «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ құрылды.

2012

2014

«Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігі-ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.



## Қамқорлық – өнімді жұмыстың кепілі

«Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орнында 10 бірлік арнайы техникаға арналған гараж-тұрағының ашылу салтанаты өтті. Шараға Компания басшылығы, ардагер мұнайшылар және басқарма ұжымы қатысты.

Гараж-тұрағының ашылуында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков жалпы Компания бойынша атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқтала кетті.

– Компания үшін маңызды саналатын құндылығымыз – жұмысшылардың қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етулеріне жағдай жасау. Біздің күнделікті жұмысымыз осы мақсатпен басталады. Бүгінгі таңда Ембі кен алаңдары заманауи өндіріс және әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылуда. Соңғы 5 жылда «Жайықмұнайгаз» өндірістік басқармасының Оңтүстік Шығыс Қамысты кен алаңында 30 орындық жатақхана, Жаңаталап кенішінде 50 орындық асхана, С.Балғымбаев кенішінде 150 орындық асхана пайдалануға берілді.

2018 жылы С.Балғымбаев кен алаңында 3 бірлік ұңғымаларды жерасты жөндеу көтергіші арнайы техникасын жөндеуге арналған гараж құрылысы аяқталса, осы алаңда тағы да 24 бірлікке арналған гараж-тұрағы жақында пайдалануға беріледі. Енді, міне, олардың қатары Оңтүстік Шығыс Қамысты кен алаңындағы 10 бірлікке арналған гараж-тұрақпен толығып отыр. Мұның барлығы қарапайым еңбек адамының жұмысын жеңілдетуге арналған шарамыз, – деді өз сөзінде ЕМГ басшысы.

Сонымен қатар, Әнуар Еркінұлы, Ембінің өндірісшілік жолдарының сапасын жақсарту күн тәртібінде тұрған өзекті жәйттің бірі екенін де айта кетіп, осы бағытта «Жайықмұнайгаз»



мұнай-газ өндіру басқармасы бойынша нәтижесін тапқан шараларға тоқталды.

Соңғы 5 жылда С.Балғымбаев – Оңтүстік Батыс Қамысты кен аралық 17,541 шақырымдық өндірісшілік жол, Оңтүстік Батыс Қамысты – Оңтүстік Шығыс Новобогат кенаралық 14,573 шақырымдық жол, Оңтүстік Батыс Қамысты – Оңтүстік Шығыс Қамысты кен аралық 13,9 шақырымдық жол құрылыстары аяқталып іске қосылса, Оңтүстік Батыс Қамысты мен Жаңаталап кен алаңдарындағы тұтас өндірісшілік жол құрылыстарының сметалық-жобалау жұмыстары қолға алынып отыр. 2018 жылы Балғымбаев кен алаңындағы өндірісшілік жолдардың жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталды.

Салтанатты шараға қатысқан «жайық-мұнайгаздық» ардагерлердің атынан сөз алған ардагер мұнайшы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Құрмет Төлеуішов бүгінгі

өндірісте нәтижесін тапқан тың жаңалықтарға қуанышын жасырмады.

– Кешегі күндердегі біз көрген қиындықтар бүгінде ұмытылған. Біз тұрған темір вагондардың орнын жайлы да әсем жатақханалар, асханалар алмастырып отыр. Өндіріс те жаңа жабдықтармен, заманауи нысандармен толықтай қамтылған. Басқармадағы кешегі біз еңбек еткен күндердегі ескі көліктің 70 пайыздан астамы жаңартылған. Бүгінде мұнайшылар үшін табысты еңбек етулеріне барлық жағдай бар екенінің куәсі болып отырмыз, – деді сөзінде ардагер мұнайшы.

Жаңа ғимараттың лентасы қиылған соң, Компания басшылығы ардагерлерге гараж-тұрақты аралатып, таныстырды. Ардагерлердің сұрақтарына да толымды жауаптар берілді.

Шара соңы мерекелік дастарханға, концерттік бағдарламаға ұласты. **М**



## Елі үшін еңбек еткен жан

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Өзен кенорнының алғашқы игерушілерінің бірі Сәбит Әбенов 1939 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Мыңтөбе ауылсоветінде қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі марқұм Сәбиттің мүлдем есінде жоқ. Ол тәй-тәй басып жар жағалап, інісі тоңқандай бастағанда ел азаматтарымен бірге әкесі қан майданға аттанып кете барады. Ол заман бір ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен зұлмат кез-тұғын. Анасының әкесін күте-күте көзі талды. Соғыстан соң да, елегізіп есікке қарап отырушы еді. Шешесі қанша зарығып күткенмен әке оралмады, сол кеткеннен мол кетті. Аққенже шешей екі баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірді. Өзі фермада сауыншы болып жұмыс істеді. Таңның атысы мен күннің батысы үй көрмей, жоқтықтың тақсыретін тартып жүрген анасына қатты жаны ашыған Сәбит 9-шы кластан соң, мектепті тастап, ферма жұмысына орналасып, анасының жанына жалау болды. Мектеп ауылдан тоғыз шақырым жерде орналасқан болатын. Ол кезде қазіргідей шұбырып жатқан көлік атымен жоқ. Қысы-жазы қомшасын арқалап, жұпыны киінген бала мектепке қарай жаяу кетіп бара жатар еді... Обалы қанеки, директор шақырып алып, қазіргі заманда білімсіз күнің қараң болады ғой, деп шырылдап, жанашырлық танытты. Жасөспірім Сәбит айтқанынан қайтпады.

«Екі қолым аман болса, аш қалмаспын» – деп мектепке бармай қояды. Ферма деген жұмысы өлсең таусылмайтын, қазандай бұрқ-сарқ қайнап жататын жер екен. Сәбит пішен шабады, шапқан пішенін түйеге артады. Құдық қазады. Өз алдына 60 баспақ алып, бақташы болады. Алғашқы 40 сом жалақы қолына тигенде жүрегі жарылып қуанғаны әлі есінде. Шытырлаған су жаңа ақшаны төкпей-шашпай

анасының алақанына салғанда, қайран жан қуаныштан жылап еді-ау!

Ресейдің Саратов қаласында әскерге кеткен ол құрылыс батальонында аттай 3 жыл қызмет етті. Әскердегі қиындық Сәбиттің жігерін сындыра алмады. Қайта жас жігіт қиындықтарға мойымай, шыңдалып шықты. Әскерден соң, 1962 жылы Донецк қаласындағы «Петров машина жасау зауытында» қалыпшы болып орналасып, онда табан аудармастан 8 жыл жұмыс жасады. 1963 жылы Сәбит отау көтереді. 70-ші жылдары жас отбасы Маңғыстауға оралып, Сәбит Өзен кенорнын игерудегі еңбек жолын 45 топтық қондырғыда қарапайым оператор болып бастады.

«Ол кезде әрбір адам ниетіне, ақыл-парасатына, пайдалылығына, өнегелі ісіне қарай бағаланатын еді», – деп еске алады алыста қалған жылдарын Сәбит ақсақал.



«Жұмысты аса жауапкершілікпен атқарғаным үшін басшылық мені 45-ші топтық қондырғыға шебер етіп тағайындады. Мен қарамағымдағы адамдардан жұмысты қатаң талап ететін едім. Қатаң тәртіпке шыдай алмаған көптеген қызметкерлер менің үстімнен шағым түсіріп, басқа топтық қондырғыларға ауыстыруын сұрап өтініш жазған жайттар да кездесті. Мен әріптестеріме жұмыс уақытында шай ішуге тыйым салған болатынмын», – деп күлімсірейді ардагер-мұнайшы.

Цех басшылығы қай жерде жұмыс ақсап жатса, міндетті түрде сол жерге іскер Сәбитті жіберетін еді. Олар Сәбит барған бойдан білекті сыбанып жіберіп, жұмысты өгіздей өрге сүйрейтініне кәміл сенетін.

Өз орнын білетін, өз кәсібінің шебері, өзгенің дүниесіне араласпайтын Сәбит ұжым арасында өте сыйлы болды. Жұмысқа берілгендігі

сонша, ол тіпті өзіне тиісті демалыс күндері де жұмыс орнынан табылатын. Ол кезде мұнай құбырлары ескі, әлсін-әлсін жарылып, май далаға ағып жатады. Ал Сәбит Әбенов барған топтық қондырғы міндетті түрде жоспарды орындап шығатын еді. Оның жұмысқа деген өлермендігі басшылық тарапынан ескерілмей қалған жоқ. 1981 жылы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, мұнайшылар күні мерекесі қарсаңында Мәскеуге шақырылып, кез келгеннің тақымына бітпеген оттай қызыл москвичті мініп қайтты.

«Пендешілікті қойсайшы, әлгі көлікті са-тып, үйге жиһаз алдық. Қалған ақшасына бір ұлымды үйлендіріп, бір қызымды ұзаттым. Әлгі Москвичтің пұлы жер дүнианың былғады. Соған қарағанда ол кездегі рубль құнды болған сияқты», – дейді ақсақал ағынан жарылып.

Еңбекті өмірінің мәні деп ұққан еңбекқор жан «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1994 жылдан бері зейнеткерліктегі ақсақал «Құдай ісіне тосқауыл жоқ қой. Бірнеше жыл бұрын 50 жылдан астам ғұмырының қызығы мен қиыншылығын жетектесіп бірге өткізген қосағымнан айырылып, жетімсіреп қалып отырған жайым бар. Адамға қартайғанда жақсы сөз айтып, жаныңды жадыратып, шүйіркелесіп отыратын қара керек екен», – деп сырын да шертіп өтті.

Ол мағыналы өткен өз өміріне риза, ақша немесе атаққа бола жұмыс жасаған жоқ. Ол еңбектен ғана ләззат, қанағат алатын адамдар қатарына жататын. Бүгінде ұлықты ұлдары мен қылықты қыздарынан немере, шөбере, жиен, жиеншар сүйіп сексеннің сеңгіріне шыққан Сәбит ақсақал Алла Тағалаға мың да бір шүкіршілік айтады.

Бұл дүниеде еншісіне тиген несібесін місе тұтқан ардагер-мұнайшы келешекте пайдасы тиетін игі еңбекке үлес қосқанын мақтаныш етеді. **М**



## ҚМГ қызметкерлері ардагерлерге құрмет көрсетті

**«ҚазМұнайГаз» компаниясының қызметкерлері 9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында Нұр-сұлтан қаласында тұратын ардагерлерді құттықтап, сый-сияпат жасады.**

Қазір бас шаһарда 71 майдангер тұрып жатыр. «ҚазМұнайГаз» компаниясының қызметкерлері біреуін де елеусіз қалдырмай, әр қайсысына ерекше құрмет көрсетіп, бас иіп қайтты. Мұнайшылар жыл сайын «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасының аясында осындай акция өткізіп тұрады.

Ақсақал Айдархан Байкенұлы «ҚазМұнайГаз» компаниясының қызметкерлері келетінін алдын ала біліп, тағатсыздана күтіп отырған екен.

«Мен соғысқа 17 жасқа толмай бардым. Бүгінгі 17 жастағы бала майдан алаңына бара ма? Жоқ. Қазір заман басқа. Қоғам басқа. Бейбіт елде тұрасыңдар. Соны бағалай біліңдер. Мен тұңғыш Президенттің қабылдауында болған қадірлі жеті ардагердің бірімін. Мұндай құрметке екінің бірі қол жеткізе алмайды. Айтайын дегенім, Н.Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген еңбегі мол, ұмытпаңдар. Өткен ғасырдың аяғында қандай едік, қазір қандай ел болдық», – деді А.Байкен. Ардагер құттықтап келген жастарға батасын берді.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-нің жетекші инженері Тахир Шәріп «Біз «ҚазМұнайГаз» компаниясы және Жас мамандар кеңесінің атынан ардагерлерді құттықтауға келдік. Осылай Ұлттық компаниямыздың қызметкерлері еліміздің барлық облыстары мен өңірлерінде жыл сайын осындай акция өткізіп тұрады. Мақсатымыз – соғыс ардагерлерінің жағдайын біліп, оларға көмек көрсету. Біз жастар майдангерлердің ұрпақ үшін жасаған жанкешті жауынгерлік ерлігін еш уақытта ұмытпаймыз. Ұмытуға құқымыз жоқ! Қарттарымызға денсаулық пен қажымас қайрат тілейміз», – деді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының қызметкерлері 98 жасты алқымдаған соғыс ардагері Александр Бабичевті де құттықтап қайтты. Бұл кісі де компанияның ұжымы келетінін біліп, күтіп жүрген екен. Қонақтарын есік аузынан күтіп алып, төрін ұсынды. Қарт қал-жағдайды сұрасқан соң сауалымыздың қандай болатынын іші сезді ме, бірден соғыста басынан кешкен оқиғаларды есіне түсіріп, әңгімесін арыдан бастады.

«Мен әскерге 18 жасымда шақырту алдым. Әлі есімде, сол кезде ауада оқ-дәрінің иісі аңқып тұратын. Отанды қорғау үшін Қазақстаннан миллионға жуық сарбаз аттандық. Украинадағы Курск доғасында шайқасып, Румыния мен Чехословакия

жеріне жеттім. Миномет рота командирлігіне дейін қызмет еттім. Ең қиын кез 1941-1942 жылдар болатын. Сарбаздардың қолында небәрі 10 оғы бар винтовка мен жертаса ғана болатын. Неміс жақындағанда өзіңді және отандастарыңды қорғап қалуың керек. Қандай қиын кездерді бастан кештік десеңіздерші?! Одан бері қанша жыл өтсе де әр сәт есімде. Елімізде соғыс болмасын», – деді Александр Бабичев.

Ұлттық компанияның мамандары құттықтап шыққан ақсақалдардың арасында Мұқан Балапанов та бар. Биыл қария тоқсанның алтауын еңсеріпті. Қонақтар келер алдында аздап қан қысымы жоғарлағаны болмаса, денсаулығы жақсы, сергек жүр. Мұқан Темірғалиұлының 6 баласы, 4 немересі және 4 шөбересі бар. Балалары мен немерелері жиі-жиі келіп, қарайласып тұрады. Бүгін қызы Зәурештің әкесіне келіп, күтім көрсететін күні екен.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының қызметкерлері жылда келіп, ерекше құрмет көрсетіп, құттықтап кетеді. Сіздерге біздің отбасымыздың атынан үлкен алғысымды айтамын. Еңбектеріңіз жансын», – деді Зәуреш Мұқанқызы.

Мұқан Темірғалиұлы бір ғасырлық ғұмырында талай қиындықты көрген ақсақал. Бірақ өмірінде қан майданнан асқан сорақы, зұлымдық кез болған емес. Қарт екінші дүниежүзілік соғыста бастан кешкен әр сәтін ұмытпапты.

«Мен Беларусь майданында болдым. Ол жерге өмірі әскерді көрмеген, қолына қару ұстамаған, шалғай жатқан елде болмаған біздерді салып жіберді. Амал жоқ, жауға шаптық. Қаншама адам қыршынан қиылды. Соғысқа дайындық болмаса да, дұрыс қаруланбасақ та ұйымшылдығымыздың арқасында жеңіп шықтық. Сталинградты да көрдім. Минскі топтасуында да болдым. Маңайды қоршап алып, шайқастық. Сонда қайтыс болған кісілердің мәйітін орманға апарып тастай берген, тексеріске барсақ теректің жаны өлік сасиды. Ол иісті ұмытар емеспін», – деді Мұқан Балапанов.

Соғыс қаһармандары жастардан Отанды сүйіп, тарихты жадыларынан шығармауды сұрады. «Отан барда ел бар, тарих барда біз бармыз» – бұл майдангерлердің бүгінгі ұрпаққа айтқан өсиеті. **MI**

## Ерлігі елдің есінде

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар кеңесінің жылдық жоспарында бекітілген кестеге сәйкес мұнайлы өлкенің өнегелі азаматы, даңқты мұнайшы Қайып ата Азанбаевтың шаңырағында болып, көрісіп қайтты.**

Қайып ата бар саналы ғұмырын түбектің тұрмысын түлетуге арнаған болмысы бекзат азамат. Маңғыстау мұнай-газ саласында атаның қолтаңбасы айқын. 1961 жылы 5 шілдеде Жетібай кентінде №6 ұңғыда Н.М.Петровтың бригадасында бастан-аяқ бұрғылау жұмысын атқарып, Маңғыстаудың мұнайын тұңғыш ашуға қатысқан, тұңғыш фонтанның басы-қасында болған атақты жан.

Маңғыстаудың алғашқы мұнай бұрқағына куә болған ардагер мұнайшы атаның сол күндер туралы естелігі бір кездері былай деп хатқа түскен екен:

– ...Маңғыстау газ барлау тресі 1957-1960 жылдар аралығында геологияның барлау жұмыстары күрделеніп, 1960 жылы Жетібай терең бұрғылау барлау басқармасы болып өзгертілді. Терең бұрғылау барлау басқармасының бастығы Хасан Тәжиев, инженер Куан Қазиев, геологы Тевяшов Вадим болып іске кірісті.

№6 ұңғы Н.Петров бригадасына жергілікті бұрғышылардан жасақталды. Бригада құрамында: Б.Бажиков, С.Шонтыбаев, К.Берікбосынов, К.Қуанышбеков, О.Қабжанов, С.Смағұлов, К.Азанбаев, Н.Қанатбаев, С.Бисенов, Н.Шуковский, Т.Өмірбаев, Ш.Саханов, К.Өтегенов, И.Сүйіндіков, И.Байжанов, Аяғанов, Бопыловтар болды. Осы ұңғы 2300 метр тереңдікке жеткенде болжамды тереңдіктен НКТ жіберіп жатқанда 1960 жылдың 5 шілдесінде қараңғы түнде мұнай фонтаны атып кетті.

Мұнайды тұңғыш көруіміз. Бәріміз таңғалып тұрмыз. Фонтан 41 метрлік мұнардан асып, 5-6 шақырым жерден қара тұман құсап жоғарыдан көрініп тұрған екен...»

Ол кез Қайып атаның 21-ге енді шыққан кезі еді. Оқуды жаңа бітіріп, қызметке жуырда ғана араласа бастаған жас жігіт сол кезде Маңғыстау мұнайының одан арғы шежіресі оның өмірінің өлшеміне айналады деп ойламаған да шығар. Десек те, Қайып Азанбаев өмірлік бағытын осы саладан тауып, өндірістің өзегіне кірпіш болып қаланды. 1995 жылға дейін мұнайдың қара қазанында бірге қайнап, геологиялық барлау саласында: Түбіжік, Жаңбыршы, Бозашы, Қызыл, Қоңырорпа, Қошақ кен орындарын, Қарасаз-Таспат, Жетібай, Қарамандыбас, Асар, Ақтас, Тасболат, Қаламқас, Қаражанбас, Қарақұдық сынды тағы басқа ондаған алаңдарды бұрғылап, мұнай мен газ кендерінің көздерін ашып, барлау жұмыстарын жүргізді. Ел қазынасын еселеп, халықтың ықыласына

бөленді. Осы ерен ерлігі үшін Қайып ата «ҚСРО жер қойнауын барлау үздігі», «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы», «Еңбек ардагері» атақтарымен, Қазақ ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Геология, мұнай-газ барлау саласындағы еңбегі үшін» естелік белгілерімен марапатталған.

Міне, осындай жақсы адам бүгін жанымызда. Тек, бір өкініштісі – Қайып атаның денсаулығы сыр беріп, соңғы жылдары ерекше күтімді қажет етуде. Сол себепті Ақтау қаласындағы пәтерінен Сайын елді-мекеніне көшіп барыпты. Қаланың тынымсыз тірлігінен, ауылдың жайы мен таза ауасы атамызға пайдалырақ болады деген ұлқызының қамқорлығы... Жаратқаннан шипасын сұраймыз! Өз кезегімізде, атамыздың бір керегіне жарар деген ниетпен «Қартқа құрмет – жасқа міндет» шарасы аясында Кеңес бюджетінен бөлінген 30 000 теңгені және «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорынан 70 000 теңгені, жалпы 100 000 теңге көлеміндегі қаражатты әжеміздің қолына табыстадық.

Айтпақшы, біз барған сапар атаның туған күніне таяу түсті. Жастардың ниет-тілегінен болар... Амал мерекесімен құттықтап, көрісеміз де қайтамыз деп барып, мерекелік дастарханға дөп түстік, ән-күй арнап, атаны сексен жасымен де құттықтап қайттық. Шаңырақ – берекелі. Жанында өмірлік серігі Тыныш әже, қыздары мен ұлдары, жанына жалау болған немересі – Мерей. Есіктен кіріп жатқанымызда алдымыздан құлыншақтай құлдырап жүгіре шығып «үрәә, үйге қонақ келді» жүрегі жарыла қуанған кішкентай Мерей шаңырақтың ағары мен базары екен. Ақ халатты абзал жан Тыныш апамыз ағамызбен өткен жылдарын, достары марқұм Көшербай Әлібаевты еске алып, жастықта қосылып салған «Ақбақайды», «Қараторғайды» шырқағанда көңіліміздің жайлауына көктем қонғандай болды.

Ақсақалдың шаңырағынан шығып бара жатып Мұқанның:

Немене жетістің, бала батыр?

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.

– деген төрт жолы тіліме оралды. Шіркін, таулардың биіктігін қасында жүргенімізде бағалай алсақ қой?! Тұтас елдің, бүгінгі ұрпақтың несібесін еселеген, ырысын тасытуға бүкіл ғұмырларын арнаған Қайып ағалар аман болғай! **MI**



## «Өзенмұнайгаз» АҚ соғыс ардагеріне темір тұлпар мінгізді

Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай өткізілген дәстүрлі шара «Даңқ» аллеясындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, Екінші дүниежүзілік соғысында қаза болған боздақтар рухына Құран бағыштаумен басталды.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Есен Өтеев бастаған бір топ азаматтар көзі тірі 95 жастағы жалғыз соғыс ардагері Кеңесбай Еңсегеновке темір тұлпар мінгізді. «Сыйға-сый, сыраға-бал» дегендей, өз кезегінде ақсақалдың отбасы ел ағаларының иығына шапан жапты.

Қан майданға 1943 жылы шақырылып, №2 Украина фронтында №211 атқыштар дивизиясында болды. Отанын қорғаған ақсақал 1944 жылы екі жерден жараланып, 3 ай госпитальда емделіп, соғысқа кері аттанып, жеңісті Берлин қаласында қарсы алады. Бүгінде Алланың қалауымен ондаған

немере, шөбере сүйіп отырған атаға қарап, «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп айтқан қазаққа таңқаласың!

«Аты өшкір зұлмат соғыс тарих бетіне көшіп, алыстағанымен көңілден кетіп,

жүректерден өшпек емес. Бұл соғыс аналарымызды жесір, бұғанасы қатпаған балаларымызды жетім етті. Біздің бақытты өміріміз үшін қан майданда фашист оғына қаймықпай кеудесін оққа тосқан Сіздерге біз

өмір-бақи қарыздармыз. Ашық аспан үшін, сайраған құстың үні үшін, сыңғырлаған сәбидің күміс күлкесі үшін-біз Сіздерге тағзым етіп, басымызды иеміз!» – деді Есен Өтеев. **М**

## Лучшие из лучших – гордость АО «Мангистаумунайгаз»!

В АО «Мангистаумунайгаз» подведены итоги традиционного конкурса «Лучший по профессии». В этом году заявки на участие подали 109 человек. За престижное звание лучших в своем деле боролись операторы по добыче нефти и газа, слесари-ремонтники, операторы по поддержанию пластового давления, электрогазосварщики, токари, операторы по исследованию скважин и лаборанты химического анализа.

Есназар Султанов

Сам конкурс проводился в два этапа. Первый – это проверка теоретических знаний: в ходе тестирования участникам необходимо было за один час ответить на 50 вопросов. Это вопросы на знание навыков профессии, функциональных обязанностей, правил техники безопасности и охраны труда. Критерии отбора весьма строгие: в следующий тур проходят только те, кто дал как минимум 45 правильных ответов.

Второй этап – практический, в этом году он проходил на базе ПУ «Жетыбаймунайгаз». Здесь уже оценивается уровень практического

мастерства конкурсантов. Например, операторы по добыче нефти и газа соревновались в конкурсе на замену сальникового уплотнения, слесари-ремонтники – производили разборку-сборку задвижки, а электрогазосварщики – выполняли сварное соединение трубных катушек диаметром 114 на 8 миллиметров. У каждого представителя профессии – свое конкретное задание. За всеми видами работ внимательно наблюдали беспристрастные члены конкурсной комиссии: при этом они оценивают не только качество исполнения задания, но и скорость, соблюдение правил техники безопасности и даже культуру рабочего места. За пропуск отдельных операций, нарушение правил безопасности или неумелое обращение с техникой начисляются штрафные очки.

Конкурс «Лучший по профессии» дал возможность участникам раскрыть свой потенциал и показать лучшие качества, а его главными героями стали – люди труда – работники, посвятившие себя профессии нефтяника. Для всех призеров конкурса, в течение календарного года устанавливаются ежемесячные фиксированные доплаты, а его победители будут защищать честь родного коллектива теперь уже в конкурсе «Лучший по профессии» национальной компании «КазМунайГаз», который пройдет осенью текущего года. **М**



[www.munailymeken.kz](http://www.munailymeken.kz) сайты жаңартылды



Қымбатты оқырман!

«Munaily meken» газетінің жаңартылған сайты іске қосылғанын хабарлаймыз. Газеттің интернет желісіндегі парақшасының дизайны өзгеріп, оқырмандар үшін ыңғайлы етіп жасалды. Енді [munailymeken.kz](http://munailymeken.kz) сайтына кіріп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының барлық корпоративтік жаңалықтарын дер кезінде оқи аласыздар. Сондай-ақ, өздеріңізді қызықтырған, толғандырған сұрақтарыңызды және газетке қатысты ой-пікірлеріңізді [mm@kmg.kz](mailto:mm@kmg.kz) электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Құрметпен,  
«Munaily meken» газетінің редакциясы



### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде есепке қойылып, № 17496-Г куәлігі берілген.

### Мекен-жайымыз:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй, А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz

Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz

Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

e-mail: [mm@kmg.kz](mailto:mm@kmg.kz)

Газет айына 1 рет шығады, Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе.  
Тел.: +7 (7172) 68 00 79